

*«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
бойынша 2023 жылы тамыз айының Қамқоршылық кеңесі отырысының*

***Хаттамасы № 1***

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 3

**Күн тәртібі**

1. Жапай оқу қорынан 2023-2024 оқу жылына көмек қажет ететін оқушыларды анықтау, аудандық білім бөліміне тізімін ұсыну.

Бірінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Акимов Б.С.. сөз алды. Кеңес мүшелері сіздерді бүгінгі күні жинап отырған себебім: Біздің мектептен жапай оқу қорынан көмекті қажет ететін көпбалалы, аз қамтылған отбасының балаларын анықтап, аудандық оқу бөліміне тізімін ұсынуымыз керек. Оларға қажетті оқу құралдары мен мектеп формалары беріледі. Мектеп бойынша көпбалалы, аз қамтылғандар санатына енетін оқушы жоқ.

Егер алып - қосарларыңыз болса, айтыңыздар

Сөйлегендер: Кеңес мүшесі Мусин Қ Балаларға қамқорлық таныту біздің басты мақсатымыз емес пе? Менің ұсынысым – осы.

Тағы айтарларыңыз бар ма? Жоқ болса, онда осы тізім бойынша дауысқа салайық. (Бәрі бірауыздан қолдады, дауыс берілді)

**Қаулы:** 1. Аз қамтылған оқушы біздің мектепте жоқ. Бірақ басқа да демеушілікіен көмек көрсетіліп тұрады..

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Акимов Б.С.

Хатшысы: Жумабекова Н.

*«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
бойынша 2023 жылы қыркүйек айының Қамқоршылық кеңесі отырысының*

**Хаттамасы № 1**

11.09.2023ж

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі

Мектеп басшысы: Сагинбаева Г.А.

ТЖО: Боканова А. С.

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп қамқоршылық кеңесінің тоқсандық есебін тыңдау.  
Акимов Бекім Серікұлы – қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2. Оқу жылында білім алушылардың оқу үдерісін санитарлық нормаға сай ұйымдастыру ,тегін тамақпен қамтамасыз етілетіндер туралы.  
Мектеп директоры- Сагинбаева Гульмира Амантайқызы

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Акимов Бекім Серикович сөз алып, жиналысқа қатысушыларға мектепте қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру жұмысына тоқтала келіп, мектептің іс-шаралары туралы мәлімет берді.Жаңа оқу жылына қамқоршылық кеңесінен 100 000 тг жиналып және мектеп бюджетінен (асханадан )150000 тг алынып д/п Амрина Р.М дан дәптерге қол қойылып,мектептің 3 қабатына 150 метр 250 000(екі жүз елу мың) тг ге перде алынып. ауыстырылғанын айтты.
2. Мектеп директоры Сагинбаева Г.А. Мектебімізде жылдан жылға оқушы саны азайып бара жатқанын алға тартты.Биылғы жылы Шакей мектебінен 24 оқушы , күніне 3 рейс бала тасымалданатыны жайлы ескертті. Бастауыш сыныптан 27 оқушы тегін ыстық-тамақпен қамтылатынын және жаппай оқыту қорынан еш бала санатқа сай болмағандықтан еш көмек алмайтынын сөз етті.
3. Шешім:
  1. Қамқоршылық кеңестің ағымдағы жылы орындалған жұмысы қанағаттанарлық деп қабылдансын.
  2. Оқу жылының оқу үдерісін ұйымдастырылуы талапқа сай деп қабылдансын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Б.С.Акимов

Хатшы : Жумабекова Н.К.